

«Астана медицина университеті» АҚ
Эпидемиология және жұқпалы аурулар кафедрасы

СӨЖ

Тақырыбы: Жұқпалы және паразитарлық ауруларды есепке алу және тіркеу

Орындаған: Қазыхан Ұ.Ғ.
Топ: 504 ҚДС
Қабылдаған: Ильясов Б.Б.

Астана 2016 ж.



Жоспар

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім

1.Инфекциялық аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу.

2. *Халықтың инфекциялық ауру жағдайларын тексеру тәртібі*

3.Эпидемиялық көрсеткіштердің статистикалық көрсеткіштері

III.Қорытынды.

IV.Пайдаланылған әдебиеттер



Кіріспе

Жұқпалы аурулар ошақтарындағы эпидемияға қарсы шаралардың құқықтық негіздер ретінде ең алдымен, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін айтуымыз керек. Сонымен қатар, «Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 194 бұйрығы инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын талаптарды белгілейді.



Инфекциялық аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу

«Инфекциялық, паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланулар жағдайларын тіркеу, есепке алуды жүргізу қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 451 бұйрығы бойынша Халық арасындағы инфекциялық және паразиттік аурулар жағдайларын тіркеу және есепке алу науқастың тұрақты тұратын жеріне қарамастан, аурудың анықталған орны бойынша жүргізіледі.



- Медициналық ұйымдарда инфекциялық және паразиттік ауруларды тіркеу, есепке алу үшін жауапты:
- 1) медициналық ұйымда - бас дәрігер;
 - 2) білім беру ұйымдарында, сауықтыру ұйымдарында - осы ұйымның медицина қызметкері болып табылады.



СЫРҚАТТАНУ ЖАҒДАЙЛАРЫН ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ МЫНАДАЙ СХЕМА БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ:

Адамның обамен, тырысқақпен, сары қызбамен, Денге қызбасымен, Батыс Ніл қызбасымен, Конго-Қырым геморагиялық қызбасымен, шұбар қызбамен, Эбола қызбасымен, шистозомоздармен сырқаттануының және оларға күдікті әрбір жағдай туралы науқасты анықтаған медицина қызметкері № 907 бұйрығымен бекітілген № 058/е шұғыл хабарлама жасайды, ол 3 сағат ішінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне жіберіледі. Сондай-ақ денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органына кезектен тыс хабарлама жібереді;



СЫРҚАТТАНУ ЖАҒДАЙЛАРЫН ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЕСЕПКЕ АЛУ МЫНАДАЙ СХЕМА БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ:

Барлық оқшаулану түріндегі өмірінде алғаш рет қойылған белсенді туберкулезбен ауыратын әрбір науқасқа № 907 бұйрығымен бекітілген № 089/е нысаны бойынша хабарлама толтырылады, ол күнтізбелік 3 күн ішінде аудандық (қалалық) туберкулезге қарсы диспансерге (бөлімшеге, кабинетке) және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне жіберіледі.



Халықтың инфекциялық ауру жағдайларын тексеру тәртібі

Халықтың инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулары мен улану жағдайларын тексеру қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 440 бұйрығы бойынша Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің мамандары шұғыл хабарлама түскен күннен бастап күнтізбелік 7 күн ішінде халықтың инфекциялық және паразиттік аурулары жағдайларын эпидемиологиялық тексеруді жүргізеді. Өлімге әкелген жағдайлар тіркелген кезде, сондай-ақ инфекциялық аурулардың өзара байланысқан және бір инкубациялық кезеңде 3 және содан да көп жағдайлары тіркелгенде соңғы шұғыл хабарламаны берген күннен бастап 24 сағатта эпидемиологиялық тергеу жүргізіледі.

Жіті ішек инфекцияларымен сырқаттану кезінде эпидемиологиялық тексеруді ұйымдастыру

Эпидемиологиялық тексерулер мына ошақтарда.

1) қоғамдық тамақтану және азық-түлік саудасы, сумен жабдықтау объектілерінің, мектепке дейінгі балалар ұйымдарының қызметкерлері, сондай-ақ тамақ өнімдерін өндіру, сақтау, тасымалдау және өткізумен байланысты кәсіпкерлік қызметпен айналысатын жеке тұлғалар жіті ішек инфекцияларымен сырқаттанған кезде;

2) мектепке дейінгі балалар ұйымдарына, балалар үйлеріне, мектеп-интернаттарға баратын балалар сырқаттанған кезде;

3) психикалық-неврологиялық стационарлардың, балалар үйлерінің, нәрестелер үйлерінің, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерінің қызметкерлері сырқаттанған кезде;

4) бір инкубациялық кезең ішінде бір ошақта үш және одан да көп адамның сырқаттануы жағдайы тіркелген кезде жүргізіледі.

СТАТИСТИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР ЭПИДЕМИЯЛЫҚ ПРОЦЕСТІҢ САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ АРҚЫЛЫ СИПАТТАЛАДЫ.

- Эпидемиялық процестің сандық белгілері:
 - I. Сырқаттанушылық деңгейі(өлім-жітім, тасымалдаушылық)
 - II. Сырқаттанудың даму динамикасы;
 - III. Жыл ішінде таралуы(маусымдық жоғарылауының қарқыны)
 - IV. Инфекцияның ошақтық көрінісі (пайда болған уақыты, ошақтардың саны, олардың даму мезгілдері, бір немесе көп науқасты болып бөлінуі)



- Эпидемиялық процестің сапалық белгілері:
- I. Аумақтар бойынша (әлем, мемлекет деңгейі немесе жеке аймағы, республика, облыс , аудан)
- II. Қала және ауыл тұрғындары арасы бойынша;
- III. Әр түрлі жас топтары бойынша;
- IV. Жынысына қарай
- V. Әр түрлі кәсіптік топтар бойынша (жұмыс орнында науқастардың саны, ұйымдастырылған балалар мекемелерінде)



Қорытынды

Инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланудың барлық оқиғалары, олардың анықталған жері бойынша денсаулық сақтау ұйымдарының тіркеуге алуына, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қызмет органдары мен ұйымдарының мемлекеттік есепке алуына және есептілікті жүргізуіне жатады. Көрсетілген аурулар мен улану оқиғаларын тіркеу, есепке алу тәртібін, сондай-ақ олар бойынша есептілікті жүргізу тәртібін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайды.

Инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулар мен халықтың улану оқиғалары халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандарының тексеру жүргізуіне жатады



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. adilet.kz «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі
2. adilet.kz «Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 12 наурыздағы № 194 бұйрығы
3. adilet.kz «Осы халықтың инфекциялық және паразиттік, кәсіптік аурулары мен улану жағдайларын тексеру қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 440 бұйрығы
4. adilet.kz «Аса қауіпті инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс-шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 136 бұйрығы
5. adilet.kz «Инфекциялық, паразиттік, кәсіптік аурулар мен уланулар жағдайларын тіркеу, есепке алуды жүргізу қағидалары» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 24 маусымдағы № 451 бұйрығы халық
6. Инфекционные болезни и эпидемиология: учебник / Покровский В. И., Пак С. Г., Брико Н. И., Данилкин Б. К. - 3-е изд., испр. и доп. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013. - 1008 с.

